

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 149 (9467)

1954 жылғы

28 июль

Сәрсенбі

Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

ЖЕМШӨП ДАЙЫНДАУДАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚ ТЕЗ ЖОЙЫЛСЫН

Облыс колхоздары мен совхоздарында егін жыйнау жұмысының басталуына онша көп уақыт қалған жоқ. Ал, егін жыйнау — маусымды жұмыс. Егінді ысырапсыз, тұжырымды мерзімде жыйнау алу үшін бұл жұмысқа көп күш жұмсау керек болады. Олай болса, барлық ауыл-шаруашылық жұмыстары егін жыйнау маусымы басталғанға дейін аяқталуға тиіс.

Бұл күндері — жемшөп дайындаудың ең қауырт кезеңі. Егін жыйнау басталғанға дейін аяқтауды қайткенде қамтамасыз ететін жұмыс — осы жемшөп дайындау. Рас, облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары шөп шабу, маялау және қыстаулар қасына шөп тасу жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізуде.

Алайда, облысымызды тұтас алғанда жемшөп дайындаудың мүлде артта қалып, бұл жұмыстың ойсыраған олқылыққа ұшырап отырғандығын мойындауымыз керек. Облысымызда жемшөп дайындау жұмысының қарқыны өткен жығы осы мерзімдегіден де баяу болып отырғандығын айырықша атап өткен жөн. 25 июльге дейін облыс колхоздарында шөп шабу жоспары небары 57,5 процент, жемшөп дайындау жоспары 26,6 процент және шөп сүрлеу жоспары 3,6 процент ғана орындалды.

Облыс колхоздары мен совхоздарында жемшөп дайындау жұмысының осынышама төзгісіз артта қалуының себебі не? Мұның ең негізгі себептерінің бірі қолда бар бай техниканың — өздігінен жүретін кеңалымды шөп машиналарының, тракторға тіркелетін кеңалымды шөп машиналары мен ат шөп машиналарының жұмысқа өнімді пайдаланылмай отырғандығы. Бұл пікірімізге Қонюхов ауданындағы Чистян машина-трактор станциясындағы жағдай дәлел бола алады. Станцияның қарамағында шөп шабуға және жыйнауға қажетті техника жеткілікті. МТС-тің қарамағындағы кеңалымды шөп машиналары мен жай шөп машиналар саны оның қамтуындағы колхоздарда жемшөп дайындау жұмысын ұйымшылдықпен жүргізуге мүмкіншілік берерліктей. Бірақ, бұл МТС өзінің қамтуындағы колхоздарда жемшөп дайындаудың табысты жүргізілуін қамтамасыз ете алмай отыр. МТС қамтуындағы колхоздардың шабын-

совхоздарында колхозшыларды, механизаторларды, жұмысшы поселкелері мен аудан орталықтарының еңбекшілерін жемшөп дайындау жұмысына белсене қатынастыру мәселесіне жете назар аударылмай келеді. Приешім ауданының көптеген колхоздары Есіл өзенінің жағалауындағы шөбі шүйгін, шұрайлы жерлерге орналасқан. Аудан колхоздарында бйыла шөп мол шықты. Алайда, бұл ауданның колхоздарында дайындалған жемшөп мөлшері жемшөп дайындауға нашар пайдаланылады. Сол сыяқты, оларда пішеншілер мен жемшөп дайындауда жүрген механизаторлардың еңбегі дұрыс ұйымдастырылмаған. Көптеген колхозшылар мен механизаторлар, жұмысшы поселкелері мен аудан орталығы — Боголюбово селосының еңбекшілері колхоздарда жемшөп дайындауға толық қатынастырылмай отыр. Сол сыяқты, пішеншілер мен механизаторлардың социалистік жарысы формальді түрде ұйымдастырылған: олардың арасында үгіт-бұқаралық жұмысты пәрменді ұйымдастыруға жете мән берілмей отыр. Бұл жағдай, әресе, Приешім МТС-не тән.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру берік жемшөп қорын жасауға байланысты. Олай болса, жергілікті партия, совет ұйымдары, колхоз, совхоз және МТС басшылары барлық күш-мүмкіншілікті жемшөп дайындаудағы олқылықты тез жойып, әрбір колхоз бен совхоздың қысқа қажетті жемшөппен толық қамтамасыз етілуіне жетісу үшін қажетті шешуші шаралардың барлығын қолдануға міндетті.

Еңалдымен шөп шабуға, жыйнауға және тасуға әрбір машинаның өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету — жемшөп дайындауды табысты аяқтаудың ең басты шарты болып табылады. МТС дирекциялары мен партия ұйымдары жемшөп дайындауда жүрген әрбір механизатордың күндік, сменалық тапсырмаларын үнемі толық және артығымен орындап отыруына жетісуге, бұл үшін оларға қажетті мәдени-тұрмыстық жағдай туғызып, жұмыста кездескен кедергілерді жою жөнінде қолма-қол көмек көрсетуге тиіс. Аудандық партия комитеттері мен МТС партия ұйымдары механизаторлардың жемшөпті мол дайындау және бұл жұмысты егін жыйнау басталғанға дейін аяқтау

Механизаторлардың еңбек өнімділігін арттыра берейік!

Облысымызда ауылшаруашылық жұмыстарының барысы туралы

(25 июльдегі мәлімет)

Жоспардың орындалу проценти

МТС аттары	Тың жер жырту	Шөп шабу	Дайындал- ған пішен	Шөп сүрлеу
Чистян	102,5	54,2	12,7	—
Суворов	110,2	66,7	18,4	—
Конюхов ауданы	—	60,6	15,7	—
Булаев	97,6	78,5	24,1	—
Калинин	114,2	81,3	24,6	—
Булаев ауданы	—	79,6	24,2	—
Образцовая	90,6	75,0	32,5	7,6
Куйбышев	84,8	78,1	35,3	—
Ильич	107,2	71,8	47,5	10,0
Пушкин	101,3	105,5	40,9	—
Ленин ауданы	—	79,7	37,4	4,0
Интернационал	77,5	70,6	25,4	—
Чапаев	141,4	63,3	25,9	—
Вильямс	56,6	48,5	18,5	6,1
Мамлют ауданы	—	60,2	23,3	1,8
Коновалов	81,5	52,7	37,3	—
Горангүл	108,7	55,8	38,8	8,6
Ворошилов	95,4	65,5	40,8	—
Семиполка	86,5	42,2	29,7	—
Октябрь ауданы	—	53,6	36,4	1,8
Петропавл	100,0	58,4	24,6	1,2
Асанов	134,5	56,6	21,7	0,9
Петропавл ауданы	—	57,5	23,4	1,0
Полудень	135,7	47,0	16,4	2,5
Ново-Георгиев	131,6	44,1	13,9	13,8
Полудень ауданы	—	45,7	15,4	6,7
Преснов	98,3	53,4	35,2	8,6
Баян	80,6	47,0	35,1	—
Майбалық	66,9	42,7	26,2	3,4
Николаев	101,5	51,1	24,9	—
Преснов ауданы	—	48,2	31,2	3,8
Приешім	98,4	54,0	25,3	0,7
Ленин	126,1	63,0	28,7	3,5
Тимирязев	104,5	65,2	21,8	—
Приешім ауданы	—	59,7	26,0	1,5
Соколов	149,7	42,2	17,6	21,8
Налобин	142,6	47,0	19,0	10,5
Соколов ауданы	—	44,3	18,2	17,0
Совет	98,1	64,4	29,4	3,3
Сартомар	88,0	65,0	42,5	—
Шағыл	96,0	54,2	21,0	—
Совет ауданы	—	60,0	28,2	1,1
Облыс бойынша	96,0	57,5	28,2	3,6

Жоспардың орындалу проценти

Ж. Мұқанов. — Карт кітапханашы (3-бет).

А. Қазтаев. — Сталин атындағы артельде (3-бет).

Е. Сейдахметов. — Кәсіпорындарына әкеурия (3-бет).

Қытай халқы Индо-Қытайдағы соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімдерге қол қойылуын құттықтауда (4-бет).

Мао-Цзе-дунның Хо Ши Минге телеграммасы (4-бет).

Отто Гротевольдтің Совет Үкметінің нотасы жөніндегі мәлімдемесі (4-бет).

УЗДІК БРИГАДА

Ворошилов атындағы МТС-тің № 16 трактор бригадасы бйыла «Заря коммунизма» колхозында (Октябрь ауданы) тың және тыңайған жерлерді игеруде жұмыс істеп келеді. Бригадада бір «С—80», үш «ДТ—54» тракторы бар. Олар іс тәжірибелері мол тракторшыларға бекітіліп берілген. Бригаданы маман механизатор Владимир Никитин жолдас басқарады.

Колхоз басқармасы трактор бригадасын қамтуға алдыңғы қатарлы колхозшыларды, көлік күшін, тасымал құрал-саймандарын жеткілікті мөлшерде бөлді. Тың және тыңайған жерлерді игерудегі механизаторлар мен колхозшыларды мәдени тұрмыс жағынан қамтуды ойдағыдай ұйымдастырды. Осының бәрі бригада мүшелерінің өнімді еңбек етуіне қолайлы жағдай туғызды.

Никитин жолдас басқарған бұл бригада ерте көктемде 650 гектар тың жерді жұмыстап, оған дәнді дақылдар тұқымын сеңтті. Егістікке бұрыннан пайдаланылып жүрген жерлерді жырту, өңдеу және оған тұқым себу жұмыстарына көмектесті. Егіс жұмыстары аяқталысымен барлық тракторлар тың және тыңайған жерлерде пар жыртуға қосылды.

Бригада мүшелері келесі жылдың егістері үшін тың және тыңайған жерлерден 1800 гектар пар жыртуға міндеттеме алған болатын. Бұл міндеттемені орындау жолындағы күресте механизаторлар машина қуатын өнімді пайдаланудың тамаша үлгісін көрсетті. Никитин жолдас жұмысты екі сменада, күні-түні бірдей жүргізуді ұйымдастырды. Әрбір тракторшының сменалық тапсырманы толық орындауын, жұмысты агротехникалық жолдары сапада атқаруын, сонымен бірге,

машинаға техникалық күтімді кезінде жасап отыруын қатаң талап етіп отырды. Бұл талаптардың орындалуын күнбе-күн бақылады және оған басшылық етті.

Механизаторлар жұмыс үстінде бір-біріне жолдастық көмек көрсетуді әдетке айналдырып келеді. Осылардың нәтижесінде бригадада техникалық жарамсыздықтан бірде-бір трактор тоқтап көрген емес. Сондай-ақ тракторшылар сменалық нормаларын үнемі толық орындайды. Ал, Спицин, Соколов, Кодесников, Транезников сыяқты, озат тракторшылар сменасында 1,5—2 норма орындады. Сөйтіп, олар 30 жұмыс күні ішінде тың және тыңайған жерлерде пар көтеру жөнінде алған міндеттемелерін толық және жоғары сапада орындауға жетісті. Бригада бойынша дала жұмыстары басталғаннан бері 3300 килограмм жанармай үнемделді.

Көктемгі егіс, пар жырту, оны күту жұмыстарын мерзімінде және жоғары сапада орындағаны үшін МТС дирекциясы мен партия ұйымы Никитин жолдас басқарған трактор бригадасына МТС-тің көшпелі Қызыл Туын тапсырды.

Бригада мүшелері қол жеткен табысты баянды ете отырып, парды күту жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп келеді. Сонымен бірге 15 июльден бастап тыңнан зыб жыртуға кірісті. Бригада кемінде 850 гектар зыб жыртуға міндеттеніп отыр.

—Тың жер есебінен зыб жырту жөніндегі міндеттеменің егін орағы жаппай басталғанға дейін толық орындауға бізде толық мүмкіншілік бар, — дейді Владимир Никитин жолдас.

А. ЖОЛДЫҒАРИН,
(8з тілшіміз).

Механизаторлардың қажырлы еңбегі

Булаев МТС-нің Кудьяров жолдас басқарған № 11 трактор бригадасы Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінің (Булаев ауданы) егіс даласында жұмыс істеп жүр. Бригада мүшелері көктемгі егісті мерзімінен бұрын, жоғары агротехникалық дәрежеде өткізіп, дереу пар жыртуға кіріскен болатын.

тракторшы Нұралин жолдас та өзінің сменалық нормасын толық және артығымен орындап жүр. Мұндай көрсеткіштерге бригаданың басқа механизаторлары да жетісіп келеді.

Бұл күндері бригада механизаторлары колхозшы шаруаларға қоғамдық мал азығын дайындауда да зор көмек көрсетуде.

лар болмашы техникалык акаулармен және басқа дәстелез себептермен босқа қарап тұрады. Жемшөп дайындауда жүрген механизаторлардың еңбегі дұрыс ұйымдастырылмаған. Ал, МТС директоры Галий, партия ұйымының секретары Петрович жолдастар жемшөп дайындауда жүрген механизаторлардың еңбегін дұрыс ұйымдастырып, әрбір машинаның жемшөп дайындауда өнімді жұмыс істетуіне көмек үшін шешуші шаралар қолданбай отыр. Олар машиналардың жұмыс істемеген жүзін мен сағаттарын тілбектеумен тынып, ол кемшіліктерді жою жөнінде дәрменсіздікке салынып жүр. Чистян МТС-нің қамтуындағы колхоздарда жемшөп дайындайтын машиналардың жұмысы мейлінше қанағаттанғысыз екендігі Конюхов аудандық партия комитеті мен Совет атқару комитетіне әбден мәлім. Бірақ, аудандық партия комитетінің секретары Макаров және аудандық Совет атқару комитетінің председатели Филиппенко жолдастарды МТС қамтуындағы колхоздардағы жемшөп дайындау жұмысының олқылыққа ұшырауы оларды көп қыжылта қоймайтын сияқты. Міне, осының салдарынан бұл МТС қамтуындағы колхоздарда 25 июльге дейін жемшөп дайындау жоспары небары 12,7 процент ғана орындалған. Ал, қоғамдық малды жемшөппен қамтамасыз етудегі ең маңызды шаралардың бірі — шөп сүрлеу жұмысы әлі басталған да жоқ.

Мұнымен бірге, облыс колхоздары мен

ды басшылық жасаған болатын.

Облыс колхоздары мен совхоздарында шөп шабу мен майлау арасында зор алшақтық бар. Бұл — жұмыстағы ең елеулі кемшіліктердің бірі. Өйткені, шабылған шөпті кезік-кезін жыйнап, майлау, біріншінен, шөптің құнармалығын жемісес, екіншінен, жалпы жемшөп дайындау жұмысының табысты жүргізілуіне кезекті болады. Сондықтан шабылған шөпті шөкелдеу, майлау және қыстаулар жанына тасу жұмысына қолда бар техника мен қол күшін толық пайдаланып, бұл жұмысқа адамдарды жеткілікті бөлу керек.

Жемшөп дайындаудың ойсыраған олқылыққа ұшырауының ендігі бір сыры — бұл жұмысқа аудандық партия комитеттері мен Совет атқару комитеттері, МТС, совхоз дирекциялары мен колхоз басқармалары тарапынан басшылықтың жеткіліксіз дәрежеде екендігінде. Аудандық партия комитеттері мен Совет атқару комитеттері әрбір колхоз, совхоздағы жемшөп дайындаудың жайын күнбе-күн жетек біліп, бұл жұмыстың еселеген қарқымен жүргізілуін колхоз, совхоздар мен МТС-тердің басшыларынан қатаң талап етіп отыруға және жұмыста кездескен кемшіліктерді жоюда оларға қолма-қол көмек көрсетуге міндетті.

Жемшөп дайындаудағы олқылықты тез жойып, бұл жұмысты егін жыйнау басталғанға дейін толық аяқтау үшін барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдырайық.

Казахстан КП облыстық комитетінде

ОКТАБР АУДАНЫНДАҒЫ ТӨРАНГҮЛ МТС-інде КОМБАЙН ЖӨНДЕУДІ ҚАНАҒАТТАНҒЫСЫЗ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ

Төрангүл МТС-нің директоры Петров, бас инженері Бабкин, бақылаушы-механигі Даниленко жолдастардың жұмысқа жауапсыз қарулары салдарынан жөндеген комбайндардың сапасы өте төмен болып отырғандығы тексерісте анықталды. №№ 35, 31, 25, 24 комбайндары байқау үшін жүргізуге де жарамады. МТС басшыларының облыстық ауылшаруашылық басқармасына жөндеді деп есең берген 24 комбайнның ішінен екі комбайнды қабылдап алу жөнінде акты жасалмаған, ал, 7 комбайнның жөндеу сапасына баға берілмеген. Жөндеген комбайндардың бірде-бірі электр жарығымен және өртке қарсы құралдармен қамтамасыз етілмеген.

Комбайндардың басым көпшілігінде көптеген ақаулар бар. № 35 комбайннан 57, № 34 комбайннан 32, № 24 комбайннан 32, № 26 комбайннан 22 ақау табылды. Жөндеуден өткен басқа да комбайндардың сапасы осы сияқты төмен.

Комбайндарды жөндеу жұмысының қарқыны баяу және сапасы төмен болуы МТС басшылары мен мамандары Петров, Бабкин, Даниленко жолдастардың талсырылған іске жауапсыз қарап, көзбояушылыққа салынуларынан болып отыр. Мұның өзі егін жыйнау мен астық да-

йындау жұмысына нұқсан келтіруі мүмкін.

Казахстан КП облыстық комитетінің бюросы комбайндарды жөндеу жоспарын олқылыққа ұшыратқаны және жөндеу жұмысының сапасын төмендеткені, жалған мәлімет бергені үшін Төрангүл МТС-нің директоры Петров жолдасқа қатаң сөгіс жариялап, есең картоткасына жазуға қаулы етті. Аудандық партия комитетінің Төрангүл МТС-і аймағы жөніндегі секретары Ыбраев жолдасқа оның тарапынан комбайндарды жөндеу сапасын бақылау болмағандығы көрсетілді.

Облыстық ауылшаруашылық басқармасының бастығы Коробов жолдасқа МТС-тің бас инженері Бабкин және бақылаушы-механигі Даниленко жолдастарды комбайндарды жөндеу жұмысына қанағаттанғысыз басшылық еткені үшін жауапқа тарту тапсырылды.

МТС директоры Петров, бас инженері Бабкин жолдастардан екі күн мерзім ішінде комбайндардағы ақауларды жою және 1 августқа дейін барлық комбайндарды жөндеуді аяқтау, сондай-ақ комбайндарды дереу егіс даласына жөнелту талап етілді.

Коробов жолдасқа 5 августа осы қаулының орындалуын тексеріп, бұл жөнінде облыстық партия комитетінің бюросына баяндау тапсырылды.

Николаевка МТС-нің москвалық комсомолец Зайцев жолдас басқарған №12 трактор бригадасы Жданов атындағы колхоздың (Преснов ауданы) егіс даласында жұмыс істеп келеді. Бригада механизаторлары колхозшылармен тығыз ынтымақтастырып, көптегі егіс жұмыстарын мерзімінен бұрын сапалы етіп орындап, дереу келесі жылдың егісіне пар жыртуға кіріскен болатын.

Механизаторлар өздерінің күш-мүмкіншіліктерін есептей келіп, пар жарту жоспарын артығымен орындауға міндеттеніп, оны аброймен орындау үшін өзара социалистік жарысқа түсті. Олар техни-

каға көптеген өнімді пайдаланумен сөйтіп, еңбек өнімділігін еселеп арттырудың жолдарын көздей отырып, оның мүлтіксіз орындалуына жетісті. Жоспар бойынша тыныш 2500 гектар пар жыртылуға тиіс болса, ол 2790 гектар болып орындалды. Мұнымен бірге 10 центнер жағар, жанар майлары үнемделді.

Бригادаның мұндай табысқа не болуы — механизаторлардың қажырлы еңбегі. Мәселен, тракторшылар Юсупов, Жуков жолдастар өздерінің еменалық тапсырмаларын 120-130 проценттен орындай отырып, жағар, жанар майларын үнемдеуде. **Б. ЕЛЕУСІЗОВ.**

отырып, келесі жылдың егісі үшін пар дайындауда зор табысқа не болды. Жоспар бойынша 378 гектар пар жыртуға тиісті болса, ол 540 гектар болып орындалды, ал, оның 323 гектары тың және тыңайған жерлер есебінен жыртылды.

Механизаторлар бұл табысқа техниканың қуатын өнімді пайдалану, еңбек өнімділігін еселеп арттыру арқылы жетті. Мәселен, тракторшы Ыбраев жолдас «ДТ—54» тракторымен күн сайын 5,6 гектардың орнына, 7,5—8 гектар жер жыртумен бірге, жанар, жағар майларын үнемдеуге жетісіп отыр. Сол сияқты,

шабуа, әсересе, кеңалымды шөп машиналары агрегатының тракторшысы Мүлікбаев жолдас жақсы көрсеткіштерге не болып жүр. Ол өзінің күндік тапсырмасын үнемі 200—210 процент орындауда. Жемшөп дайындауда мұндай қажырлы еңбектің үлгісін көрсетіп жүрген механизаторлар аз емес. Олардың барлығы да өздерінің адал еңбектерімен колхозшылардың зор құрметіне бөленген.

С. ТҰРҚАНОВ.

Булаев МТС-нің № 11 трактор бригадасының есепшісі.



Туған елімізде



Москвада Соғыс-Теңіз Флоты Күнін мерекелеуге арналған салтанатты мәжіліс

24 июльде Москвада Одақтар Үйінің Болонналы залында ССР Одағы Қорғаныс Министрлігінің Москвадағы және астаналық облыстағы партия, совет, қоғам және кәсіподақтар ұйымдарымен басқосқан, ССРО Соғыс-Теңіз Флоты Күніне арналған салтанатты мәжілісі болды.

Салтанатты мәжілісті қысқаша сөз сөйлеп, ССРО Соғыс-Теңіз Күштерінің бас команданың флот адмиралы Н. Г. Кузнецов ашты. Ол Соғыс-Теңіз Флотының даңқты тарихын сипаттады, совет теңізшілерінің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жауынгерлік ерліктері туралы айтты.

Кузнецов жолдастың даңқты Соғыс-Теңіз Флотының және кеме жасау өнеркәсіп қызметкерлерінің құрметіне, қаһарман совет халқының және оның Қарулы Күш-

терінің құрметіне. Коммунистік партия мен Совет Үкметінің құрметіне арнаған құттықтаулары ду қолшапалақтаумен қарсы алынды.

Салтанатты мәжілісте СОКП Москва облыстық комитетінің секретары Капитонов, Теңіз және өзен флотының министрі Шанков, Кеме жасау өнеркәсіп министрінің бірінші орынбасары Редькин және БЛКЖО Орталық Комитетінің секретары Шеленин құттықтау сөз сөйледі. Олар еліміздің теңіздік шекараларының қорғаушыларын Соғыс-Теңіз Флоты Күнімен құттықтады және олардың жауынгерлік және саяси дайындықта бұдан былай да табысқа жетуіне тілек білдірді.

Салтанатты мәжіліске қатысушыларға үлкен концерт берілді.

(СОТА).



Украин ССР. Тарнополь облысы Мельнице-Подольск ауданындағы Сталин атындағы колхоздың звено бастығы Социалистік Еңбек Ері Е. А. Долинюк пен Хмельницкий облысы, Каменец-Подольск ауданындағы Ленин атындағы колхоздың звено бастығы О. В. Борчук үш жыл бойы өзара жарысуда. СҰРУЕТТЕ: Социалистік Еңбек Ері **Е. А. Долинюк** (оң жақта) өзіне келген звено бастығы **О. В. Борчукке** жүгері плантациясын көрсетіп тұр.

(СОТА-ның фотохроникасы).

КӨПШІЛІК ТҰТЫНАТЫН БҰЙЫМДАР ӨНДІРУ ҰЛҒАЙТЫЛУДА

ТАЛЛИН, 24 июль. (СОТА). Кеше бұдан Поволжьедегі, Қазақстанның және Сибирьдің тың жерлер игеретін аудандарына халық тұтынатын товарлардың үлкен тобы жөнелтілді.

Республиканың көпшілік қолды товарлар өндіретін кәсіпорындары өткен жылдың жеті айындағыдан 33 миллион соқтығыс өнімін артық берді.

(СОТА).

Қырым облысы. Алуштаға баратын жол.

(СОТА-ның фотохроникасы).

ТЯНЬ-ШАНЬ ТАУЛАРЫНДАҒЫ ПЛОТИНА

ОРТО-ТОКОЙ, (Ыссыккөл облысы), 24 июль. (СОТА). Ыссыккөл котловинасына шығар алдында Шу өзені Орто-Токой шатқалына қарай төмен құлайды. Мұнда, теңіздің тегіс бетінен 200 метр биіктікте, ең тар жерде, қуатты плотина салынуда. Шатқалды жауып, ол су қоймасын жасайды.

Қырғызстандағы ең ірі ирригациялық құрылысты салу қызу жүргізілуде. Плотинаның қабырғаларына жарты миллион текшеметр топырақ салынды. Алтыншы мың текшеметр тас аралас топырақ салына бастады.

Орта Тянь-Шаньдің етегінде салынып жатқан Орто-Токой су қоймасы Солтүстік Қырғызстанның барлық суын өзі арқылы өткізетін ең ірі қойма болады, мұнда жыйналған ылғал Шу алқабының ондаған мың гектар жерін суландыруға жетеді.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің экрандарында

1 августа Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің территориясында 200 шамалы үлкенді-кішілі экрандар жұмыс істей бастайды. Көзір фильмдерді кеңірек көрсетуге әзірлік жүргізіліп жатыр.

Павильондардың барлығында дерлік жіпшіке пленкалы аппаратуралар орнатылды. Мәселен, көрмеге келушілер мал шаруашылығы павильонынан тек Костроина облысының «ХП Октябрь» колхозынан әкелінген жанды экспонаттармен танысып қана қоймай, сонымен бірге, артель мүшелерінің мал шаруашылығының өнімділігін қандай жолмен арттырғандығы жөнінде экраннан колхоз председатели П. А. Малининаның әңгімесін де тыңдайды.

Көрсетілуге 150 фильм дайындалды. Олар көрмеге қатысушылардың, егінші-жердің зығыр өсірушілердің, қант қызыл-

шасын өсірушілердің, түрлі облыстар мен республикалардың село механизаторларының озат тәжірибелері туралы баяндайды.

Экрандарда ауылшаруашылық тақырыптарына арналған түсті диапозитивтер көрсетіледі. 6 көрме залында көрмеге келушілер түсті киножурналдың, «Ауыл шаруашылығы жаңашылықтарының» кезекті номерлерін, одақтас республикалар жөніндегі документті фильмдерді көреді. Көркем кинокартиналар көрсету үшін екі кино-театр ашылады.

Көрменің павильондарында қойылған барлық кино техникасы фильмдерді түнде де, сол сияқты күндіз де көрсете беруге мүмкіншілік береді.

(СОТА).

Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы мәселе жөнінде Франция, Великобритания және АҚШ үкметтеріне С О В Е Т Ү К М Е Т І Н І Ң Н О Т А С Ы

24 июльде ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов Францияның ССРО-дағы Уақытша Елшісі Ле Руа мырзаны, Великобританияның ССРО-дағы Елшісі У. Хейтер мырзаны және АҚШ-тың ССРО-дағы Уақытша Елшісі У. Уолмсли мыр-

заны қабылдап, оларға Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы мәселе жөнінде Совет Үкметінің нотасын тапсырды. Бұл нота Франция, Великобритания және АҚШ Үкметтерінің 1954 жылғы 7 майдағы ноталарына жауап болып табылады.

Төменде Франция Үкметінің 1954 жылғы 7 майдағы нотасының текеті және Совет Үкметінің 1954 жылғы 24 июльдегі жауап нотасының текеті жарияланып отыр.

Франция үкметінің 1954 жылғы 7 майдағы нотасы

Франция елшілігі Советтік Социалистік Республикалар Одағының Сыртқы Істер Министрінің құрметтейтіндігін мәлімдей отырып, мынаны хабарлады аброй деп санайды.

1. Берлинде төрт Сыртқы істер министрлерінің арасында жан-жақты талқыланған және Совет Үкметінің 31 марттағы нотасында Француз үкметінің тағы да назарын аударған европалық хауіпсіздік проблемасының егжей-тегжейлері жайында Француз үкметі Күрама Штаттардың, Великобританияның үкметтерімен және басқа да мүдделі үкметтермен, әсіресе Солтүстік-атлантикалық договордың ұйымына мүше мемлекеттердің үкметтерімен ақылдасып алысты.

2. Француз үкметі қару-жарақты жаппай азайтуға жетуге, соның ішінде атом қаруына, жаппай қырып-жоятын қаруға тыйым салуға және атом қуатына бақылау қоюға ұзақ уақыттан бері ұмтылып келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының атом қуаты жөніндегі комиссиясында, Біріккен Ұлттар Ұйымының жай қару-жарақ жөніндегі комиссиясында, ал, содан кейін Біріккен Ұлттар Ұйымының қарусыздандыру жөніндегі комиссиясында Француз үкметі қарусыздандыру туралы халықаралық келісім жасауға, сөйтіп, дүние жүзінің халықтарына социалық ауырталдық түсіріп отырған жанталаса қарулануы біржолата жоюға көмектесуге тырысты. Мұндай келісімге тиімді кепілдіктер болған күнде дәйекті және пропорциялы қарусыздандыру программасын мойындау негізінде ғана жетуге болады, мұндай кепілдіктер агрессия хауіпін қатты болса да және ол қайдан шықса да жойып отырған болар еді. Француз үкметі президент Эйзенхауэрдің инициативасымен басталған келіссөздердің, сондай-ақ таяудағы уақытта Біріккен Ұлттар Ұйымында қайтадан басталатын қарусыздандыру мәселесі жөніндегі келіссөздердің ойдағыдай аяқталуына барлық құралдармен көмектесуге берік бел байлап отыр. Француз үкметі бұл проблемаларды шешуге Совет Үкметі өз тарапынан түбірлі үлес қосады деп үміт етеді.

3. Бұл келіссөздердің табысты болуын қамтамасыз ету үшін ең алдымен хауіпсіздік және сенушілік жағдайын қалпына келтіру қажет. Міне, дәл осыған сүйене отырып, Француз үкметі Берлинде Совет Үкметі тұңғыш рет ұсынған және оның 31 марттағы нотасында қайталанған евро-

палық құру кәзірдің өзінде өмір сүріп отырған бүкіл дүниежүзілік хауіпсіздік ұйымын тіпті де күшейтпеген болар еді: мұндай ұйым пайдасыз болатыны былай тұрсын, тіпті хауіпті болар еді, өйткені, ол Біріккен Ұлттар Ұйымын әлсіретуге сөзсіз әкеліп соқтырған болар еді. Сондықтан Француз үкметі совет ұсынысын қабылдай алмайды. Егер Совет Үкметі Біріккен Ұлттар Ұйымының Уставта көзделгендей жұмыс істеуіне мүмкіндік берген болса, коллективтік хауіпсіздік ең жақсы түрде қамтамасыз етілген болар еді.

5. Совет Үкметі сонымен қатар өзі ұсынған коллективтік хауіпсіздік шарты Атлантикалық шартқа ССРО-ны қатыстыру жолымен осы договорды ұлғайтумен ұштастырылатын болсын деген пікір айтты. Мұндай ұсыныстың нақтылыққа мүлде жатпайтын сыйпатын атап көрсетудің қажеті жоқ. Бұл ұсыныс өзара сенушілік дәлелдерімен ығыз байланысты батыс ұлттарының қорғаныс күштері мен хауіпсіздігі негізіндегі отырған принциптердің өзіне де қайшы келеді. Соғыс келісімінен анағұрлым кеңірек болып табылатын Солтүстік-атлантикалық договор ұйымы және бостандықты және праволарды құрметтеу принциптеріне негізделген. Оның мүшелерінің біртұтас біріктірілген қорғаныс құралдары бұлардың бәрінің хауіпсіздігін қамтамасыз етеді, ал Европада 1945 жылдан бері болып отырған Совет Одағының соғыс жағынан басымдылығына және ол тек өзінің ғана бақылауына толығымен бағындырған экономикалық, саяси және әскери системаның Батыста таралуына байланысты Солтүстік-атлантикалық договор ұйымының мүшелері хауіпсіздікке әрқайсысы жеке-жеке жете алмайды. Солтүстік-атлантикалық договор ұйымы тұтасымен қорғаныс ұйымы болып табылады. Ұйымның барлық мүшелері арасында өзара еркін және толық информация алмасу бар. Ұйымның барлық қарарлары бірауыздылық келісіммен қабылданады. Егер Совет Одағы бұл ұйымның мүшесі болған күнде, ол осы ұйымның әрбір қарарына тыйым салып отыруға мүмкіндік алар еді. Ұйымға мүше мемлекеттердің бірде-бірі өзінің коллективтік хауіпсіздік системасының осылай бұзылуына жол бере алмайды.

6. Европа мен дүние жүзінің хауіпсіздігін біркелкі ойлайтын мемлекеттердің

ұсыныстар енгізді: Совет Үкметі бұл ұсыныстарды қараудан да бастартты. Батыс державалары Австриямен мемлекеттік договордың барлық даулы статъяларының Советтік текетін қабылдауды ұсынды: Совет Үкметі өзінің ұсынған шарттары негізінде договорға қол қоюға келіспегені былай тұрсын, қайта ол қабылдауға болмайтын жаңа талаптар қойды, бұл талаптар договордың сипатын толығынан бұрмалаған болар еді және бостандық пен тәуелсіздік туралы договорды шетелдік әскерлердің белгісіз мерзімге дейін оккупациялауы туралы договорға айналдырған болар еді.

8. Совет Үкметі европалық қорғаныс бірлестігіне қатысы бар жоспарлар жөнінде өзінің Берлинде жасаған сын ескертпелерін қайталап айтты. Өзінің бұл жөніндегі көзқарасын бұдан бұрын айтқан Француз үкметі шамалы маңызы бар бұл жоба Европаны бөлшектеудің себебі болып табылады-мыс және соғыс хауіпін арттырады-мыс дегенге келісе алмайды. Европаның бөлшектелуіне Совет Үкметі себеп болды, ал еркін сайлау негізінде Германияны біріктіру туралы мәселе қараудан оның бастартуы бұл бөлшектеуді мәңгі сақтауға көмектесіп отырған элементтердің бірі болып табылады. Бұл жағдайда Герман федералдық республикасын қорғаныс қалдыруға болмайды, өйткені, тіпті Шығыс Германия басшыларының өздерінің мойындауына қарағанда, Шығыс Германия едәуір қарулы күштерге ие болып отыр. Француз үкметі былай деп санайды: өзіне тән сипаты жағынан Германияның қандай да болса біржақты қарулы әрекет жасауына жол бермейтіндей бірлестік құру барлық мүдделі жақтар үшін Германияны қатыстыру проблемасын шешудің ең сенімді және нәрменді әдісі болар еді.

9. Француз үкметі мемлекеттер арасында қатынастарды жақсартудың және олардың өзара хауіпсіздігін қамтамасыз етудің шұғыл қажет екендігіне бұрыны-сынан сеніп отыр. Ол былай деп санайды: егер Совет Одағының үкметі:

а) Австрияға толық суверенитет пен тәуелсіздік беру мақсатымен Австрия мәселесін неғұрлым тез реттеуге жету үшін;

б) герман проблемасының берік және қабылдауға болатын шешіміне жету үшін;

с) жаппай, дәйекті, пропорциялы және

жол бермейтін ұйым болып табылады-мыс деген сылтауында негіз жоқ. Бұл жолы герман милитаризмін Париж және Бонн келісімдерінің жәрдемімен белгілі бір шеңберлерде ұстануға болады деп ойлау — тарихи фактілермен санауға деген сөз. Ал, оның бер жағында, тарихтың тәжірибесі былай дейді: әрқашан да, германияның тағдырын милитаристер, кекшілер өз қолына алған кезде, ол агрессия жолына сөзсіз түсіп, өз келісімдерін және басқа мемлекеттердің хауіпсіздігі жөнінде алған міндеттемелерін бір тарақ жалаң қағазға айналдырған болатын. Міне, сондықтан «Европалық қорғаныс бірлестігін» құру жоспарын жүзеге асыру Европада жаңа соғыс хауіпін күшейтуге әкеліп соқтырмай қоймайды, ал, бұл соғыстың бірінші құрбандығына Батыс Германияның жақын көршілері ұшырайтын болады. «Европалық қорғаныс бірлестігі» типіндегі тұйықталған соғыс тобы болып табылатын ұйым емес, қайта барлық европалық мемлекеттерді қамтытын халықаралық ұйым ғана Европадағы бейбітшілік пен хауіпсіздіктің кепілі бола алады.

Совет Одағы қоғамдық құрылысы әртүрлі мемлекеттердің қатар өмір сүруі мүмкін екендігін, халықаралық хауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз етуге мүдделі болып отырған барлық европалық мемлекеттердің коллективті күш-жігеріне негізделетін халықаралық ынтымақтың қажет екендігін мойындауға әрқашан да сүйеніп келеді.

Осыны басшылыққа ала отырып, Совет Үкметі Францияның, Англияның, АҚШ-тың және ССРО-ның Сыртқы істер министрлерінің Берлин кеңесінде қаруға «Европада хауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы» ұсыныс енгізіп, бұған байланысты «Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы жалпыевропалық договор» негіздерінің жобасын ұсынды. Совет Одағы ұсынған жалпыевропалық договордың аса маңызды ерекшелігі мен қасиеті ең алдымен сол — бұған барлық европалық мемлекеттер, өздерінің қоғамдық құрылысына қарамастан, қатысушылар бола алады. Герман Демократиялық Республикасы да сондай-ақ Герман федералдық республикасы да бұл договорға қатысушылар бола алар еді, ал, Германияны біріктіргеннен кейін — біртұтас герман мемлекеті договорға қатысушы бола алар еді. Жалпыевропалық договордың негізінде жалпыевропалық договорға қатысушы мемлекеттердің біріне немесе бірнешеуіне қарулы шабуыл жасау хауіпін қарсы коллективтік қымылдар істеу принципі алынып отыр. Соның өзінде договорға қатысушының әрқайсысы договорға қатысушы басқа бір мемлекетке, шабуыл

ның, Совет Одағының, Польшаның және Европаның басқа елдерінің халықтары жаңа соғыстың сансыз көп аяқтарын басқалардан гөрі анағұрлым айқын түсіне алады. Ең алдымен атом және сутегі қаруын қолдану хауіпін байланысты, әсіресе адамдарды жаппай қырып-жоятын бұл қарудың жаңа түрлерінің бүліншілік күшінің барған сайын арта түсуі себепті халықтар абыржып отыр. Мұнымен қатар, құру шегіне жеткен гитлершілдер мәдениет пен цивилизацияның бүкіл дүние жүзіне белгілі кейбір орталықтарын құртуға әрекеттеніп, дүниежүзілік екінші соғыстың аяғында қолданған ұшқыш «Фау» бомбаларымен салыстырғанда, өзінің бүлдірушілік күші жағынан анағұрлым асып түсетін және басқа атом толтырылған ракета-снарядтарын айтпағанның өзінде, мыңдаған километр алысқа барып тиетін ракеталық қару сыяқты қарудың жаңа түрлерінің өркендеп отырғанымен де санауға тура келеді. Міне, бұл жағдайда атом және сутегі қаруына сөзсіз тыйым салу және мемлекеттердің қару-жарақтары мен қарулы күштерін азайту туралы халықаралық келісімге жету өте маңызды міндет болып табылады.

Совет Үкметінің күш-жігері дәл осы міндетті шешуге бағытталып келеді. Атом, сутегі қаруына және жаппай қырып-жоятын басқа қаруға сөзсіз тыйым салу туралы Совет Үкметінің ұсыныстары, сонымен қатар мемлекеттердің барлық қару-жарақтары мен қарулы күштерін мықтап азайту, керекті қаралардың орындалуына халықаралық қатаң бақылау қою туралы ұсыныстар мұны айқын көрсетіп отыр. Мемлекеттер атом және сутегі қаруын қолданбауға өздеріне сөзсіз міндеттеме алсын деген Совет Одағының соңғы ұсынысы да мұны айқын көрсетіп отыр, ал, мұның өзі атом, сутегі қаруын және жаппай қырып-жоятын қарудың басқа түрлерін мемлекеттердің қару-жарағынан толық алып тастап, халықаралық қатаң бақылау қою жолындағы маңызды қадам бола алар еді.

Совет Одағының бұл ұсыныстарын Франция үкметінің қолдамағаны жұртқа мәлім. Франция үкметінің бұл мәселеде ұстан отырған позициясы, мұны Францияның үкметі 7 майдағы нотасында мәлімдеп отырғанындай, оның қару-жарақты азайтуға, атом және сутегі қаруына тыйым салуға ұмтылған қандай да болса талабын көрсетпейтіні былай тұрсын, қайта, мұның керісінше, бұл бағыттағы тиімді шаралардың қандайына болса да Францияның үкметі тарапынан қарсылық жасалып отырғанын көрсетеді.

Франция үкметінің нотасында былай деп көрсетілген: атом қаруына тыйым салу және қару-жарақтардың басқа түрлерін азайту туралы келісімге «хауіп-

алуына кедергі келтіру үшін қытай халқының суверенді праволарын бұза отырып, көптеген мемлекеттерге өрескел қысым жасалуда.

Мұнымен бірге, американ баспасөзінің беттерінде Совет Одағына, Қытай Халық Республикасына және халықтық демократия елдеріне шабуыл жасауды әзірлеу үшін соғыс базаларын пайдаланудың әртүрлі жоспарлары насихатталуда. АҚШ-тың соғыс әуе базалары Совет Одағының өнеркәсібін қыйратуға арналған деп баспасөзде ашықтан-ашық көрсетілуде. Атап айтқанда, АҚШ әскери басшыларының арам ойлары бойынша, «Россияның бас-ты объектісінің қандайына болса да қарсы» атомдық шабуыл жасауға болатындай соғыс әуе базаларын жасаудың маңызы әдейі атап көрсетілуде. «Москва мен Пекинге» бомбардировщиктер жіберіп, оларға атом бомбаларын тастауға шақырып отырған АҚШ-тың бірқатар көрнекті әскери қайраткерлерінің соғыс құмарлық мәлімдемелерін атап көрсету керек, ал, шындығында осы насихаттың бәрінің және осы агрессиялық жоспарларды уағыздаудың бәрінің авантюристтік сипаты байсалды ойлайтын әрбір адамға айқын болып отыр.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты бейбітшілікті нығайтуға және халықаралық хауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жайындағы келіссөздердің ойдағыдай болуы үшін алдын-ала «хауіпсіздік пен сенушілік жағдайы» тудыруды тиіс деген Франция үкметінің 7 майдағы нотасында айтылған ескертпелі елеулі ескерту деп қабыл алуға тиісті де болмайды. Франция билеуші топтарының осындай жағдай тудыру үшін ешқандай шаралар қолданбай отырғаны былай тұрсын, қайта бұған мүлде қарама-қарсы бағытта әрекет жасап отырғанын фактілер айқын көрсетеді.

Ал, Совет Одағына келетін болсақ, 1951 жылдың өзінде ССРО Жоғарғы Советінің «Бейбітшілікті қорғау туралы Заң» қабылдағанын атап көрсету өте маңызды. Халықтар арасында бейбітшілік пен достық қатынастарды нығайту мақсатын көздейтін бейбітшіл совет саясатының принциптеріне сәйкес, бұл заң соғыс насихатын, ол қандай түрде жүргізілсе де, адамзатқа қарсы бағытталған ең ауыр қылмыс деп жариялады және мұндай соғысты насихаттаған айыпты адамдарды ең ауыр қылмыс жасаушылар ретінде сотқа беруді міндеттейді.

Совет Үкметі бейбітшілік пен халықаралық ынтымақтың мүдделерін қырағылықпен қорғап, осы жоғары мақсаттарды жүзеге асыруға мүмкіндік болған шаралардың бәрі қолданып келеді.

Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы договордың Совет Үкметі тапсырған жобасының Европадағы, тіпті Евро-

тарды тағы да мұқият зерттеп шықты. Бұл ұсыныстарда Совет Үкметі Европадағы шиеленістің шын себептерін жоюға тырысып отырған жоқ. Мұның орнына ол коллективтік хауіпсіздік туралы жаңа договор ұсынып отыр, бұл договор Германияны бейтараптандыруға және оның бөлшектенуін сақтауға ашықтан-ашық негізделіп, Совет Үкметі Шығыс Европа елдерінде жүзеге асырып отырған бір-жақты саяси, экономикалық және әскери бақылауды өзгертеген қалында сақтайды. Мұның салдарынан Европада хауіпсіздіктің болмауы мен бөлшектелуі ұзақ сақталуы мүмкін. Бұл ұсыныстар, тіпті оған АҚШ-тың қатысуына жол беретін түзетулер енгізілген күнде де, шын мәнісіндегі хауіпсіздіктің негізі бола алмайды.

4. Біріккен Ұлттар Ұйымымен қатар Совет Одағын, Құрама Штаттарды және барлық европалық елдерді қамтитындай

бұл ассоциацияларды хауіпсіздіктің жаңа, елесті ұйымдарымен ауыстыру әрекеттері арқылы нығайтуға болмайды. Француз үкметі әрбір проблеманы дәйектілікпен шешу ғана дүние жүзіне әсерін тигізіп отырған хауіпсіздік жоқ деген сезімді жоюға мүмкіндік береді деп бұрынғысынан сеніп отыр. Ол хауіпсіздіктің жаңа органын құру жолымен мәселені берік шешуге жету мүмкін емес деп санайды, мұндай орган кәзірдің өзінде болып отырған елеулі қиыншылықтар мен алауыздықтарды бүркемелейтін әншейін перзегана болар еді.

7. Дәл осыған сүйене отырып, Батыс державалары Берлинде жоспар ұсынды, бұл жоспар герман проблемасын шешу жолындағы бірінші қадам бола алатын еді: Совет Үкметі тіпті мұны талқылауға да келіспеді. Батыс державалары сонымен қатар кәзіргі келісімдер негізінде Европаның хауіпсіздігін нығайту мақсатымен

таяудағы уақытта келісім жасау үшін, мұнда, атап айтқанда, атом қаруына және жаппай қырып-жойтын қарудың басқа түрлеріне тыйым салу, сонымен қатар тиісті кешіліктер беру жолымен атом қуатына бақылау қою көздеуге тиіс деп;

д) Женева кеңесінде Қызыр Шығыстың ең шұғыл проблемаларын шешуге жету үшін;

е) Біріккен Ұлттар Ұйымында Уставтың принциптеріне сай келетін позиция ұстау үшін, мұның өзі Біріккен Ұлттар Ұйымының коллективтік хауіпсіздік ұйымы ретіндегі өзінің міндетін орындауына мүмкіндік беретін болуы үшін — Францияның, Құрама Штаттардың және Біріккен Корольдіктің үкметтеріне қосылып, өзінің ізгі ниетін нақты түрде дәлелден берген күнде, мұның өзі халықаралық шиеленістің себептерін жою ісінде прогреске жетуге жақсы болар еді.

раған осы мәселеге немесе мемлекеттерге өзінің жұмсауына болатын барлық құралдарын, оның ішінде қарулы күш жұмсаумен көмек көрсетуге, сөйтіп, Европада халықаралық бейбітшілік пен хауіпсіздікті қалпына келтіруге және қорғауға өзіне міндеттеме алады. Мұнымен бірге, договорға қатысушы мемлекеттер өзінің мақсаттары Европада коллективтік хауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатына қайшы келетін қандай да болса коалицияларға немесе одақтарға қатыспауға және ешқандай келісімдер жасауға міндеттенеді.

Мұндай европалық система Европадағы хауіпсіздікке нақты жағдай тудырған болар еді. Бұл система осы маңызды істе алға басқан елеулі қадам болар еді және бейбітшілік, тәуелсіз, демократиялық мемлекет ретінде біртұтас Германия құру негізінде герман проблемасын реттеуге негүрлым қолайлы жағдай тудырған болар еді. Мұндай жағдайда Германияны біріктіру жолындағы елеулі кедергілер жойылған болар еді, ал, соңғы жылдары бұл кедергілерді Батыс Германияны режимитарландыру саясаты және оны «Европалық қорғаныс бірлестігі» дейінге қатыстыру жоспарлары тудырып келді.

Коллективтік хауіпсіздіктің жалпыевропалық системасын құру, оккупациялық әскерлерді Германиядан әкетумен қатар және Германиямен бітім договоры жасалғанға дейін неміс полициясының санына келісілген шек қойымен қатар, осыған сәйкес Германияны бейтараптандыруды қамтамасыз еткен болар еді, сөйтіп, Европаның нақ ортасында соғыс ошағын қайта тудыруға жол бермеген болар еді, ал, герман милитаризмін қалпына келтіру соғыс ошағын тудыруға сөзсіз әкеліп соқтырады.

Жалпыевропалық договор жасау, күман жоқ, Австрия мәселесін шешуге де көмектескен болар еді, ал, бұл мәселені реттелмей отырғаны үшін, француз нотасында айтылған сылтауға қарамастан, Францияның, АҚШ-тың және Англияның үкметтері жауап береді, өйткені, олар Берлин кеңесінде Австриямен мемлекеттік договор жасауға кедергі келтіріп, Австрияны өздерінің соғыс тобына қатыстыру жоспарларынан тартынбай келеді.

Жалпыевропалық договор негізінде құрылған Европадағы коллективтік хауіпсіздік системасы халықтардың түбірі мүдделеріне сай келген болар еді және халықаралық шиеленісті бәсеңдету ісінде оның шешуші маңызы болған болар еді, өйткені, европалық елдер агрессияға қарсы күресудің ортақ мақсатымен біріккен болар еді және мұндай хауіпті жою үшін, Европада хауіпсіздікті қолдау үшін тиімді шаралар қолданатын ортақ міндеттемемен біріккен болар еді. Жалпыға бірдей бейбітшілікті қолдау үшін және дүниежүзілік жаңа соғыс хауіпін жою үшін Европада бейбітшілікті сақтап, қолдаудың маңызы өте зор болар еді, бұл күмәнсіз.

Соғыс хауіпін герман милитаристері басқарған дүниежүзілік екінші соғысты жақында ғана басынан кешірген Европа халықтарының заңды абыржушылығын тудырып отыр. Өздерінің территориясында соғыс өрті болған Францияның, Англия-

ала тудырылған күнде ғана қол жетуі мүмкін. «Хауіпсіздік пен сенушілік жағдайы» халықаралық хауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіндегі ұнамды фактор болып табылады, бұл күмәнсіз.

Бірақ, атом қуатын соғыс мақсаттарына пайдалануға тыйым салу және қару-жарақты азайту туралы мәселелерді Франция саясатының «хауіпсіздік пен сенушілік жағдайын» тудыру міндетіне, халықаралық шиеленісті бәсеңдету міндетіне қайшы келіп отырғанын атап көрсетуге болмайды. Жүртқа мәлім, Францияның саясаты агрессияның құралы болып табылатын атом және сүетгі қаруын жыйнақтау жөнінде АҚШ үкметі жүргізіп отырған шараларды қолдауға бағытталған, ал, АҚШ-тың барлық соғыс жоспарлары осы қаруды пайдалануға негізделіп жасалуда және Құрама Штаттардың қару-жарақ арсеналында бұл қаруға басым орын беріліп отыр. Мұндай саясат «хауіпсіздік пен сенушілік жағдайын» тудыруға көмектесе алмайды. Атом және сүетгі қаруының запастарын көбейту, сонымен бірге, бұл қаруды қолданамыз деп барған сайын жаңа қорған-тоқым жасау, бөтен территорияларда соғыс базаларын ұйымдастыру, жанталаса қарулану, «біржөлі ойлайтын мемлекеттердің ассоциациялары» дегенді бетке ұстап агрессиялық соғыс блоктарын топтастыру, —мұның бәрі халықаралық сенімді нашарлатпай қоймайды және халықаралық қатынастардағы шиеленісті күшейтпей қоймайды. Екінші жағынан, атом қаруына тыйым салу фактісінің өзі және қару-жарақтың басқа түрлерін азайту жөніндегі шаралар халықаралық сенімді нығайтуға, хауіпсіздік жағдайын тудыруға көмектеспей қоймайды.

АҚШ-та кеңінен жүргізіліп отырған халықтар арасында өшпенділік пен араздықты қоздыру науқаны мен соғыс насихаты да «хауіпсіздік пен сенушілік жағдайын» қажет деген мәлімдемелерге дәл осылай қайшы келеді. БҰҰ Бас Ассамблеясы 1947 жылдың өзінде соғыс насихатының қандай түрін болса да айыптаған және мемлекеттер арасында достық қатынастарды нығайтуға көмектесу үшін, «барлық халықтардың бейбітшілікті сөзсіз тілеп отырғанын білдіруіне» арналған информация тарату үшін шаралар қолдануға БҰҰ-ға мүше үкметтерді міндеттеген қарарды бірауыздан қабылдаған болатын. Осыған қарамастан, АҚШ-та белгілі қорамдық топтармен байланысты баспасөздің реакцияшы бөлегі ғана емес, тіпті үкмет аппаратында жауапты қызметтерде отырған адамдар да осындай насихатқа белсене қатысуда.

АҚШ-тағы саяси және әскери қайраткерлердің Совет Одағына үнемі қарсы бағытталған дұшпандық сөздері де «хауіпсіздік пен сенушілік жағдайын» қажеттігі туралы мәлімдемелерге толығымен қайшы келіп отыр. Бұл қайраткерлер өздерінің сөзінде СССР мен халықтың демократия елдерінде бүлдіру, диверсиялық және террорлық әрекетті онан әрі жүргізуге және күшейтуге шақырған сөздер айтуда дейін барып отыр. Совет Одағымен дипломатиялық қатынастарды уағыз шақырған үндер де естіледі. Қытай Халық Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымындағы өзіне тиісті заңды орнын

пен қарсы алынғанын Совет Үкметі қанағаттанғандықпен атап көрсетеді. Тіпті өзінің ресми адамдары бұл жоба жөнінде теріс позиция ұстаған елдерде де қалың жұртшылық топтары Европада коллективтік хауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделері үшін Европалық мемлекеттердің күш-жүгерін біріктіруді барған сайын батыл талап етуде. Мұның үстіне, Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы жалпыевропалық договор жайындағы ұсыныс жөнінде европалық мемлекеттердің бәрі бірдей пікір айтпағанын ескеру керек.

Европа халықтарының өмірлік мүдделеріне қатысы бар бұл мәселені жан-жақты талқылауға зор маңыз бере отырып, Совет Үкметі былай деп есептейді: европалық мемлекеттердің мүмкіндігінше негүрлым кең көлемді өкілдігінің қатысуымен Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы мәселе қарау қажеттігі туып отыр.

Соңғы уақытта айтылған көптеген пікірлерге сәйкес, Совет Үкметі Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы жалпыевропалық договордың жобасын экономикалық саладағы ынтымақ туралы жаңа ережемен толықтырған жөн болады деп санайды. Мұнда договорға қатысушы мемлекеттер бұл мемлекеттер арасындағы сауданы және басқа экономикалық байланыстарды өркендетуге бағытталған шаралар қолдануға өздеріне міндеттеме алатыны ескеріліп отыр, мұның өзі халықтардың өмірлік мүдделеріне сай келеді және бейбітшілік пен халықаралық ынтымақты нығайту мақсаттарына сай келеді.

Индонезия жөніндегі 21 июльде Женевада жасалған келісім халықаралық қатынастарды бірқалыпқа келтіруге, Азиядағы ғана емес, сонымен бірге, Европадағы аса маңызды халықаралық проблемаларды реттеуге бағытталған күш-жігердің жемісті болатындығының тағы бір айғағы болып табылады. Бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздікті нығайтуға мүдделі болып отырған мемлекеттер арасында келіс сөздер жүргізу жолының жақсы нәтижелер бере алатынын Женевадағы кеңес айқын көрсетті.

Женева кеңесі мынаны да көрсетті: мүдделі мемлекеттер арасында келіссөздер жүргізу жолы, белгілі жағдайда, бейбітшілік пен хауіпсіздікке ұмтылып отырған халықтардың мүдделеріне сай келетін келісімдерге жеткізе алады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Совет Үкметі, Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы мәселе жөнінде өзара пікірлер алысу мақсатымен, таяудағы айлардың ішінде кеңеске қатысқысы келетін барлық европалық мемлекеттердің, сондай-ақ Америка Құрама Штаттарының да қатысуымен кеңес шақыруды ұсынады. Совет Үкметі Қытай Халық Республикасының бұл кеңеске өзінің байқаушысын жібергені жөн болар деп есептейді.

Мұндай кеңеске қатысушылар Совет Үкметінің ұсыныстары жөніндегі көзқарастарын білдіріп қана қоймай, сонымен бірге, Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы мәселе жөнінде өз ұсыныстарын енгізуге де мүмкіндік алатыны өзінен өзі түсінікті.

Совет Үкметі мұндай ноталарды АҚШ пен Англия үкметтеріне де жолдады,

Совет Үкметінің 1954 жылғы 24 июльдегі НОТАСЫ

Совет Үкметі Франция үкметінің 7 майдағы нотасына байланысты мынаны мәлімдеуді қажет деп санайды.

Совет Үкметінің 31 марттағы нотасында баяндалған Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы жалпыевропалық договор туралы мәселе жөніндегі, сондай-ақ, Солтүстік атлантикалық договорға СССР-ның қатысуы туралы мүдделі үкметтермен бірлесіп отырып, мәселе қарауға Совет Үкметінің әзір екенін білдіргені жайындағы көзқарастарға Франция үкметінің қосылмай отырғаны оның жоғарыда көрсетілген нотасынан айқын көрінеді. Сонымен бірге, Франция үкметі Европаның барлық елдерінің хауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қандай да болса ұсыныстар енгізбеген. Егер бейбітшілікті нығайту мүдделерін еске алатын болсақ, онда Европада хауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы маңызды мәселеге Франция үкметінің мұндай көзқарасын ешнәрсенен ақтауға болмайды.

Франция үкметінің Европа хауіпсіздігін қамтамасыз етуге өзінің мүдделі екенін сылтаулатып, іс жүзінде бұл мақсатқа қызмет ете алмайтын позиция ұстап отырғаны жоғарыда аталған нотадан айқын көрінеді, өйткені, Европада хауіпсіздікті қамтамасыз ету деген сылтаумен мемлекеттердің түйықталған шағын топтары ұйымдастырылып, барлық басқа мемлекеттер бұған қатыстырылмай тасталады. Солтүстік-атлантикалық договор ұйымының және «Европалық қорғаныс бірлестігінің» типіндегі «Бірлесіп ойлайтын мемлекеттердің ассоциацияларын» құру жайындағы Францияның позициясы дәл осыған тіреліп отыр. Бұдан мынадай жағдай айқын көрінеді: барлық европалық мемлекеттердің қоғамдық құрылысына қарамастан, олар үшін хауіпсіздіктің қажет екенін мойындаудың орнына Франция үкметі басқа қоғамдық құрылысы бар басқа мемлекеттерге қарама-қарсы қойылған мемлекеттердің гармонизациялық мүдделеріне бағындырылған саясат жүргізіп отырғаны мемлекеттердің тиісті топтарын құру позиция-


сына түскен. Бірақ, агрессияшылы соғыс одақтарына айналдырылатын мұндай топтардың халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін нығайтуға қызмет ете алмайтынын фактілер көрсетіп отыр. Мұндай топтар басқа мемлекеттерді өздеріне қарама-қарсы, жаңа соғыстарға әкеліп соқтыратын жанталаса қарулануды және халықаралық қатынастарды шиеленістіру жағдайын сөзсіз тудырады. Сонымен, Франция үкметі түйықталған соғыс топтарын құру саясатын жүзеге асыра отырып, барлық европалық мемлекеттердің хауіпсіздігі мүдделеріне қайшы келетін әрекет жасап, іс жүзінде бүкіл Европа үшін хауіпсіздікті қамтамасыз етуге қарсы шығып отыр. Агрессиялық сипаты бар мұндай түйықталған топтар құру Біріккен Ұлттар Ұйымының принциптеріне қайшы келеді, өйткені Біріккен Ұлттар Ұйымы, мемлекеттердің қоғамдық және саяси құрылысына қарамастан, оларды біріктіру негізінде құрылған және мемлекеттердің ынтымағымен коллективтік күш-жігеріне сүйене отырып, халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қолдауға міндетті. Міне, дәл осындай түйықталған соғыс топтары Біріккен Ұлттар Ұйымының негізін шайқалтып, оның халықаралық беделін түсіріп отыр.

Солтүстік-Атлантикалық договор ұйымы дәл осындай агрессиялық соғыс тобы болып табылады. Солтүстік-Атлантикалық договор ұйымының қорғаныс сипаты тіпті де жоқ екендігіне Совет Үкметі бұдан бұрын да сан рет назар аударған болатын. Францияның, сондай-ақ, Англияның өзара жасасқан договоры бойынша және олардың СССР-мен жасасқан договорлары бойынша жаңа герман агрессиясына жол бермеуге өздеріне міндеттемелер алғанына қарамастан, бұл ұйым герман агрессиясының қайталану хауіпін мүлде елемей, мұндай агрессияға жол бермеуді өзінің міндеті етіп қоймай отыр. Осы жағдайдың өзі ғана мынаны мойынше айқын көрсетеді: Солтүстік-атлантикалық договор ұйымы герман милитаризмін қалпына келтірудің және сонымен байланысты Европаның халықтарын

жаңа, бұрынғыдан анағұрлым ауыр апаттарға ұшырату хауіпін тудырып отырған герман агрессиясының қайтадан басталуының кәзіргі жағдайдағы ең нақты хауіпін жою мақсатын тіпті де көздемейді. Бұған байланысты антигитлерлік коалиция қосылған ұлы державалардың ішінен СССР-ның ғана бұл ұйымға қатысушылар қатарынан шығарылып отырғанын да атап көрсетуге болмайды. Мұндай фактіге Солтүстік-атлантикалық договор ұйымының Совет Одағы жөніндегі агрессиялық сипатының айқын айғағы деп қарамауға болмайды. Совет Одағының Солтүстік-атлантикалық договор ұйымына қатысу мүмкіндігі туралы Совет Үкметі қойған мәселені қараудан бастартқан Франция үкметінің 7 майдағы нотасы бұл ұйымның агрессиялық сипатын толығымен дәлелдейді.

Францияның 7 майдағы нотасында істің жайы былай деп көрсетілген: Совет Одағы, Солтүстік-атлантикалық договор ұйымына қосылған күнде, «бұл ұйымның әрбір қарарына тыйым салу» үшін, сөйтіп, бұл ұйымды «бұзу» үшін өзінің бұл ұйымға мүше ретіндегі праволарын пайдалануға мүмкін болады» мыс. Бірақ, мұндай сылтаулардың қолдан жасалғандығы және дәлелсіз екендігі мүлде айқын, өйткені, Совет Одағы бұл договорға қатысушылардың басқаларын салыстырғанда әлде қандай бір ерекше жағдайға болуды талап етіп отырған жоқ.

Совет Үкметі «Европалық қорғаныс бірлестігі» деген атпен кәзірдің өзінде әзірленіп жатқан жаңа соғыс тобын құрумен байланысты ерекше хауіпті тағы да атап көрсетпей отыра алмаймы, бұл «бірлестіктің» программасы мен жоспарлары бүкіл Европаның хауіпсіздігіне, әсіресе, Батыс Германиямен көршілес мемлекеттердің хауіпсіздігіне қатер төндіріп отырған герман милитаризмін қайта тудыруға әкеліп соқтырады. Франция үкметінің 7 майдағы нотасында айтылған: «Европалық қорғаныс бірлестігі» «өзінің сипаты жағынан Германияның қандай да болса біржақты қаруды әрекет жасауын»



Оңай жасалатын жай астық қоймасының жалпы көрінісі.

Оңай салынатын астық қоймасы

Қазақстанның оңтүстік облыстарының колхоздары мен совхоздарының егін даласынан көздің өзінде жаңа егіннің астығы күшті тасқынмен келуде. Бұл тасқын күн сайын өсіп, кеңейе түседі. Республиканың солтүстік облыстары жаппай егін жыйнау қарсаңында тұр.

Быйылғы жылы тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен егіс көлемінің ұлғаюымен байланысты жыйналатын астық мейлінше көбейеді. Оны қарсы алуға барлық жағынан тыңғылықты әзірлену керек. Жаңа астықты сақтауға колхоздар мен совхоздардағы бар астық қоймалары жеткіліксіз. Міне сондықтан да жаңа астық қоймаларын салу жұмыстарын жедел жүргізу егіншілердің кезек күттірмейтін міндеті болып отыр.

«Казипрометрпроектінің» қызметкерлері оңай салынатын астық қоймаларының бірнеше жобасын жасады. Мұны салудың тиімділігі оның құрылысына барлық жерлердегі бар балшықтың, топырақтың, қамыстың, сабанның, аздаған қана ағаш материалдарының пайдаланылатындығында. Мысалы, 300 тонна астық сыятын қойманы салуға 5,5 текше метр ағаш қажет, оның 4,9 текше метрі жұмыр және 0,6 текше метрі қырланған болады. Егер едені цементті болатын болса, онда оған 8,2 тонна цемент кетеді. Мұндай қойманы салуға 12,1 тонна қамыс жұмсалады. Топырақ, балшық, сабан сыяқты құрылыс материалдары, әрбір шаруашылықта арқаннан да жеткілікті болады.

Қойманы салғанда ұзын қабырғалардың орнына биіктеліп топырақ үйіледі. Құрылыстың төбесі қамыстан иілген будадан жабылады. Өзара біріктірілген қамыс ұяқты болатындықтан әрбір 3 метрден соң бекемделеді. 300 тоннадай астық сыятын мұндай бір қойманың жалпы кө-

арзанға түсетінін және жасалуы оңай екендігін еске алып, басқа материалдардан еден жасауға болмаған жағдайда оны барлық жағдайда қолдануға ұсынуға болады.

Будалау үшін қамысты даярлағаннан ескеру керек? Қамыстың қатты және төзімді болуы керек. Құрылысқа әбден піскен сарғыш қамыс жақсы. Пісуі жетпеген немесе қоныр тартқан қамысты құрылысқа пайдалануға болмайды. Будалардың диаметрі 24—25 сантиметр болып дайындалуға тиіс. Буданы әрбір 30—35 сантиметр жерден жалаң қабат сыммен буып отырады. Буданың соңындақ серіппелі болуы үшін оның ортасына талшыбық салып, буу керек.

Қамыс буданы тышқан кемірмеуі үшін оның жерге көмілетін ұшына төрт — бес процент темір купоросы сыйған суға салу керек. Жерден шығып тұратын 20—25 сантиметрін де соған малу керек. Сыртқы қабырғаның төменгі шоктарын сылайтын балшыққа ұсақталған әйнек қосылады.

Астық қоймасын құрғақ, топырағы тығыз және биік жерге салу керек. Қойманың ұзынын көбінесе жел соғатын бағытқа қарай қуа салу керек. Бұл қоймаға таза ауа кіріп тұруына және оны қардың баспауына жақсы. Қоймаға жүк әкелетін жолдардың қолайлы болуын көздеу қажет.

Қойманы салуды неден бастайды? Ең алдымен қойма салынатын жерді тегістеп, үстінгі бетін сыдырып алады. Содан кейін тіреулерді, оның үстіндегі арқалықтарды, есіктің жақтауларын орнатады.

Қойманың екі басындағы тік қабырғалары тік көмілген қамыс будаларынан жасалады. Будалар қазылған орға орнатылады. Орға көмілген қамыс будаларының астына толь (қарамайлы қатырма қағаз) төселуі керек. Мұндай бірнеше қабат тольдің арасы мұнай-битуымен жерімделеді. Олақтың түбіне, ойбойына әлгі-

топырақ су жіберіліп, әбден нығыздала толтырылады. Жақсы кеуіп нығыздалуы үшін жал топырақты мүмкіндігі болғанынша ертерек үйген дұрыс. Будан кейін сылау үшін сабан аралас балшық әзірленеді. Сылаудың қалыңдығы 5—7 сантиметрдей болуы қажет.

Жал топырақ дайын болысымен еден жасалады. Сонымен бірге қойманың төбесін еңістеу етіп, нехесе су ағатын орманың төбесін қамыс будамен жабудың араларына қазық қағудың төртбіі әлгі тік қабырғаны тұрғызғандағыдай. Будан кейін қойманың төбесі мен қабырғалары сабан қосылған балшықпен ішкі және сыртқы жағынан бірдей сыланады. Сыртқы жағынан екі — үш сантиметр қалыңдықта екі рет, ал іш жағынан екі сантиметр қалыңдықта бір рет сыланады.

Пайдалануға бергенге дейін оның ішкі сыртғы жақсы кеуіп үлгіруі үшін қойманы тұрғызу және оны сылау жұмыстарын күннің жылы-жарық кезінде жүргізген нәтижелі болады. Қойма ішінің жақсы желдеп, кебуі үшін оның есігі астықты құйғанға дейін ашық ұсталады. Кеңеннен кейін сылауы жарылған жерлерін сылап тастау керек. Қойманың ішін құм, топырақ аралас лаймен сылап, әкпен екі рет ағарту қажет.

Жауынның суы қоймаға өтпеуі үшін жердің жағдайына қарай қойманың іргесін еңістеу етіп немесе су ағатын ор қазып қойған жөн.

Едені балшықпен сыланған 300 тонналық қойма салуға 26.840 сом қаржы жұмсалады. Демек, бұл әдеттегі астық қоймасын салудан екі-екі жарым есе арзанға түседі деген сөз. Мұнда материалдарға жұмсалатын қаржы 10.830

Кәсіпорындарына экскурсия

Облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институты ұйымдастырған бірайд мұғалімдердің білімін жетілдіру курсыныңда облысымыздың 5-7 кластар математикадан сабақ беретін күзден там мұғалімдер оқып жүр. Олар мұ сабақ берудің жаңа тәсілдерін үйреніп бір-бірімен пікір алысып, өздерінің терін ортаға салуда.

Жақында 5-7 кластардың математиканың мұғалімдері қаланың кәсіпкерлерінде, ет комбинатында, су цехында, радио торабында, техникум мастерскойлары мен лабораториялар және басқа жерлерде болды.

Математика мұғалімдерінің кәсіпкерлерінде экскурсияда болуы өз теориялық білімдерін тәжірибемен тыруға, сөйтіп, 1954-55 оқу жылы сабақты сапалы, идеялық жоғары жеде жүргізуге мүмкіндік береді. мен бірге, олар қаладағы техникум терекшілерінің үлгісі бойынша XIX ғасырдың қаралары алға қойған литехникалық оқуды үйренуге оқудың жаппай қатысуын қамтамасыз мақсатымен өз мектептерінде жаңа терекшілер ашады. Онда мектеп ішкілері жұмыс істейтін болады.

Е. СЕЙДАХМЕТ

Көркемөнерпаздар облыстық байқауы

Өткен жексенбі күні қаланың иет және демалыс паркінде көркемөнерпаздар облыстық байқауы болды. Оған аудандық көркемөнерпаздар қауында жақсы табыстарға жетілістік көркемөнерпаздар байқауына право алған облысымыз колхоз, совхоздарының және МТС-көркемөнерпаздары келді.

Көркемөнерпаздардың облыстық байқауы июль айының аяғына дейін созылды. Байқауда көркемөнерпаздар коллективтері совет композиторларының, рин, би, опералардан ариялар орындайтын өздерінің көркемөнер шеберліктерін көрсетті.

Байқаудың алғашқы күні Булаев, нюхов және Петропавл аудандарының көркемөнерпаздар коллективтері хор, композиторларының әндерін, күлкілідер және тақпақтар орындап, өздерінің көркемөнер шеберліктерін көрсетті.

КУЗБАСС МУЗЫКАЛЫ КОМЕДИЯ ТЕАТРЫНЫҢ ГАСТРОЛІ

Кемеров облыстық Кузбасс музыка театры қала еңбекшілеріне «Малиновский дағы құдалық тойы», «Шеллеменко-девичик» және басқа көптеген постановкалар көрсетті. Қала еңбекшілері театр артистерін жылы жүзбен қарсы алып олардың постановкаларын қызыға көрді. 26 июльде театр коллективі Пресновский жауын кетті. Мұнда олар «Теңіз түбі» спектаклін көрсетеді. Ауданның колхозында, дала қостарында және тра-

Ішіндегі тіреулерін араштан, ескі темір трубалардан, рельстен жасауға болады. Тіреулердің үстімен жүретін арқалықты жұмыр бағанадан істеген жақсы. Бірақ қажет болғанда пайдаланудан қалған сом темірді де қолдануға болады. Қойманың төбесін жанқан қамыс будақтар арқалықта сүйей орналастырылады. Қойманың қамыс төбесі мен топырақтан жасалған қабырғасы ішкі және сыртқы жағынан сабан аралас балшықпен сыланады және сыламауға болмайды.

100 тонна астық сыятын қойманың ұзындығы 12 метр, 200 тонналығы — 20 метр, 300 тонналығы — 28 метр болуы қажет. Яғни әрбір 100 тонна үшін қойманың ұзындығын 8 метрден ұзартып отыру қажет.

Балшықпен сыланатын еден аталған едендерден нашар болады. Дегенмен оның

Осыдан кейін орға балшық құйылып, толтырылады. Балшық құйғанда майлы қағазды жыртып алмау жағын қарастырған жөн.

Ондай астық қоймаларының жобалары да жақын күндерде жасалып шығарылады. Мұның бәрінде де жергілікті құрылыс материалдарын кеңінен пайдалану көзделеді. Колхоздар мен совхоздарда қойманың түрін таңдап алу жергілікті құрылыс материалдарына байланысты.

Оңай жасалатын астық қоймаларын салу — егіннің жаңа өнімін қабылдауға үлгілі әзірленудің маңызды бір шарты болып табылады.

П. ФОГЕЛЬ,
«Казпромстройпроектінің» бас
конструкторы.

[illegible]

Technical drawings of two types of wooden bridges (Arshylyk and Budylyk) with dimensions and labels in Russian.

Arshylyk (Left):

- Сабан араластырган со'лау - 4 см
- Қамыс будалар. $d = 24 \text{ см}$
- Сабан араластырган со'лау = 2 см.
- Аршы арқасы $d = 22 \text{ см}$
- Dimensions: 280.5, 61.5, 149, 9.5, 368, 400, 400, 10.00, 140 см, 22 см.

Budylyk (Right):

- Аршытың түйіскен жері болтпен бекітіледі $d = 16 \text{ мм}$
- Қамыс будасынан қабылда
- Dimensions: 280.5, 61.5, 149, 9.5, 400, 140 см.

ОЗАТ БҮЗАУШЫ

Бұл жүндері Сұлтанова жодас-
ларды шебі шүйін жайылымдар-
ды. Оларды жлі суарып отырады.
ларға атым айлығына дейін сү-
жөніндегі озат әдістерді көнінен к-
ды. Бұсаулардың жатар орында
үнемі құрғақ және таза болуын
лап отырады.

Сұлтанова жолдас өзіне бекітіл
рілген бұзауларды жазда күтін-б
зоотехникалық ережелерін бұла
орындай отырып, оларды әрі қон
шығынсыз өсіру жөніндегі міндетт
аброймен орындап келеді.

А. ЫБРАЙЫМ

★ Сталин

Жоспар артығымен

Қаладағы Сталин атындағы кәсіпшілік артелі (председателі А. Миненкова жолдас) сәнді, ыңғайлы, жылы аяқ киімдерді көптеп шығаруда.

Артель үстiмiздегi жылдың бiрiншi жарты жылдығында жоспар бойынша 1 миллион 250 мың сомның товарын өндiрiп, 22 мың 870 пар әртүрлi аяқкiмдер шығаруға тиiс едi. Артель коллективi социалистiк жарысты кеңiнен өрiстете отырып, жарты жылдың өндiрiстiк жоспарды асыра орындап шықты. 1 миллион 430 мың сомның товарын өндiрiп, 26 мың 594 пар аяқкiмдер тiктi. Жарты жылдың жоспарды 115 процент етiп орындады.

Артель коллективі еңбек өнімділігін арттыра отырып, осы жылдың алғашқы алты айы ішінде өнімнің өзіндік құнын 4,9 процент кемітті. Сөйтіп, мемлекетке 44 мың 800 сом пайда келтірді.

Мінсіз сапалы өнім

шығаратын бригадалар

Артельде үш мінсіз сапалы өнім шығаратын бригада, жұмыс істейді. Олар социалистік жарыстың өрістері арқылы жаңа еңбек табыстарына жетісіп келеді. П. Пилисовских жолдастың мінсіз сапалы өнім беретін бригадасы жарытқылдың жоспарды 142,1 процент. К. Рудовскийдің бригадасы

...цент егін орын-

Колхозға көмек

Артель Петропавл ауданының Чапаев атындағы колхозын қамқорлыққа алған болатын. Тігіншілер өздері қамқорлыққа алған қолхозда жиі болып, олармен тығыз қарым-қатнас жасап тұрады. Сол сыяқты, колхоздың адамдары артельде жиі болады.

Көктемгі егіс кезінде артельдің 28 адамы колхозға үш күнге жұмысқа барып, 300 гектар жерге картопты шаршы-ұялы әдіспен отырғызып қайтты: Ал, екі тігінші көктемгі егіс аяқталғанға дейін сонда болып, колхозшыларға аяқкиімдер тігіп берді. Мұнымен бірге, артель дала қостарын жөндеу үшін колхозға түрлі құрылыс материалдарын берді. Коллективтің ұсынысы бойынша колхоз кітапханасына 300 сомның саяси, көркем және ауылшаруашылық әдебиеттері тарту етілді.

Қазір артель колхоздың егін орағына үлгілі әзірленуіне көмектесуде. Коллектив колхозшыларға егін орағына дейін бір жабық қырман, екі астық қоймасын салуға көмектесуге ұйғарған еді. Қазір бұл құрылыстарды салуда артельдің үш шебері жұмыс істейді. Енді бірер күннен кейін жабық қырман мен екі қоймаңың құрылыс жұмыстары аяқталып, олар пайдалануға беріледі.

А. ҚАЗТАЕВ.

қарсылық білдіру истрі Сон Нгок қа үндеуі

мыс үшін бейбітшілікті нығайту бүкіл елімізде тәуелсіздік пен демократияны жүзеге асыру, Кхмер халқының арасында жаңа дәуір бастау жолындағы үшін маңызды шарт болып санала-

барлық армиямыз және халқы-ғабыстың асқан манызын анық-те. Біздің табыс сол сыяқты біз-деріміз Вьетнам мен Патет-Лао-тай-ақ бүкіл дүние жүзіндегі бей-сүйгіш халықтардың табысы алады.

дің қарсылық білдіру үкметі аты-барлық халықты байырғы қыз-р мен жауынгерлерді жалынды ынаған шақырамын.

мерде соғыс әрекеттерін тоқтату-и Женева кеңесінде қол қойыл-сеімді мүлтіксіз орындау керек.

бірге өзіміздің жауынгерлік ру-а нығайтайық және күрес күнде-қырағылығымызды арттырайық, тақтан қол жеткен келісімді дәл-рындауды талап етейік.

ократиялық реформалар жасау, здың өмірлік жағдайларын жақ-йбітшілікті нығайту мақсатымен алада күштерімізді нығайту және отанымыздың тәуелсіздігі мен

жүзеге асыру үшін күресейік. Соғысқұмар әлеметтермен бейбітші-жаулары жөніндегі қырағылығы-үздіксіз арттыра берейік.

дің Вьетнам халқымен, Патет-Лао-и, Франция халқымен және бүкіл күзінің бейбітшілік сүйгіш ха-амен ынтымақтастығымызды бү-н да нығайта түсейік.

атты отандастарымыз, жауынгер-байырғы қызметкерлер!

лы жеңіске жеттік, бірақ бұл әлі-а адым ғана. Бейбітшілікті ны-тәуелсіздікті, демократия мен ота-здың бірлігін жүзеге асыру және бү-нне жүзінде бейбітшілік пен демо-ны сақтау ісіне үлес қосу жолын-дің қажырлы және ұзақ күрес жүр-ге тура келеді.

дің барлық халқымыздың ынтымақ-сы мен бірлігі жағдайында жеңіс-к, біздің жақта болады.

ердің бейбітшілігі, тәуелсіздігі, де-иасы мен бірлігі жасасын!

мократиялық сьезінде

е соғыс, қайта қосылу және жалпы-таниялық келісім проблемаларына сө-л-демократтардың көзқарасы туралы-елерге баса көңіл бөлінген. Съезд-егаттарының көпшілігі герман милита-вхін қайта тудыруға, әсіресе атышуды-ропалық қорғаныс бірлестігіне» қарсы-жқан олар келіссөздер жүргізу жолы-Германияны бейбітшілікпен қайта-

ВЬЕТНАМ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКМЕТІНІҢ МӘЖЛІСІНДЕ

ШАНХАЙ, 23 июль. (СОТА). Вьетнам информация агенттігі Вьетнам Демократиялық Республикасы үкметінің 22-июльде болған Индо-Қытайдағы соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімге қол жеткеніне арналған мәжілісі туралы мазмұндаманы хабарлады.

Президент Хо Ши Миннің председа-тельдік етуімен өткен мәжілісте Вьетнам Демократиялық Республикасының Жене-ва кеңесіндегі делегациясының кеңестің нәтижелері туралы баяндамасы тыңдал-ған.

Вьетнам Демократиялық Республика-сының үкметі атынан президент Хо Ши Мин Вьетнам халқы мен армиясына ар-нап сөз сөйлеген.

ЖАСТАРДЫҢ ОСЛОДАҒЫ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СЛЕТІНІҢ ЖАБЫЛУЫ

ОСЛО, 26 июль. (СОТА). Кеше жастар-дың Ослодағы дүниежүзілік слетінде қорытынды кездесу болды, оған сол сыяк-ты совет жастарының өкілдері де қатыс-ты. Слеттің ұйымдастыру комитетінің председатели Даг Хальворсен совет деле-гациясының құттықтап отырғыш, совет де-легациясының Ослоға келуі болашақта Норвегия және совет жастарының байла-нысын нығайтуға көмектесетіндігіне се-нім білдірді. Кешке совет делегациясының мүшелері слетке қатысушылармен Осло-ның түрғын адамдары үшін тағы да бір концерт берді. Концерт зор табыспен өтті. Жастардың Ослодағы дүниежүзілік слеті өзінің жұмысын аяқтаты.

ОЛЬША ӨЗЕНІНДЕГІ «ДОСТЫҚ КӨПІРІ»

ПРАГА, 26 июль. (СОТА). Кеше Чехос-ловакия мен Польшаның мемлекеттік шекараларының бір бөлегі өтетін Олыша өзені арқылы салынған жаңа көпір арқы-лы жүру басталды.

Көпір экономикалық маңызы бар екі ауданды—Польша қаласы Нешинді және Чешский—Тешин (Окстрава облысы) қала-сын қосты.

Жаңа көпірді ашуға байланысты бол-ған салтанатқа Польша және Чехослова-кия үкметтерінің мүшелері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, бірлесіп күш жұм-сау нәтижесінде достық көпірін салуға қатысқан Польша мен Чехословакияның өндіріс озаттары келді.

Жыйында сөз сөйлеген Польша және Чехословакия үкметтерінің өкілдері Олыша өзеніндегі көпірдің халықтық демократия елдері арасындағы өскелең экономикалық байланыстың қарқын дәлелі болып сана-латындығын, Польша мен Чехословакия-ның туысқан халықтарының үздіксіз нығайып отырған достықтарының тағы да бір дәлелі болып саналатындығын атап көрсетті.

СОВЕТТІҢ СТУДЕНТТІК ЖӘНЕ ЖАСТАР ГАЗЕТТЕРІ РЕДАКТОРЛАРЫ ТОБЫНЫҢ ЖАҚЫНДА АҚШ-қа БАРУЫ ЖАЙЫНДА

Баспасөзде хабар етілгеніндей, 1953 жылы және 1954 жылы американдық студенттік газет редакторларының топта-

Отто Гротевольдің Совет Үкметінің нотасы жөніндегі мәлімдемесі

БЕРЛИН, 26 июль. (СОТА). Қытай Ха-лық Республикасының Мемлекеттік әкім-шілік Советінің премьер-министрі және сыртқы істер министрі Чжоу Эн-лайдың Герман Демократиялық Республикасында болуына байланысты Қытай Халық Рес-публикасының Герман Демократиялық Республикасындағы елшілігінде ұйымдас-тырылған қабылдауда Герман Демокра-тиялық Республикасының премьер-мини-стрі Отто Гротеволь кеше сөз сөйлеп, ха-лықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігі ісі үшін Совет Үкметінің Франция, Вели-кобритания және АҚШ үкметтеріне Евро-падағы коллективтік хауіпсіздік мәселесі жөніндегі нотасының зор маңызы бар екендігін атап көрсетті.

Совет Үкметі нотасының мазмұнын ай-та және Совет Үкметінің бейбітшілік инициативасының барлық бейбітшілік сүйгіш адамзат алдында жаңа болашақ ашатындығын атап айта келіп, Отто Гро-теволь былай деді:

Мұнымен қоймай, Совет Үкметі эконо-мика саласында қарым-қатынас орнатуға тілшек білдірген Европа халықтары ара-сында келісімге келуге бағытталған жаңа қадам жасады. Нотада шартқа қатысқан барлық мемлекеттердің өздеріне сауданы өрістетуге және мемлекеттер арасындағы басқа да қарым-қатыстарды дамыту жө-нінде шаралар қолдануға өздеріне міндет-темелер алу қарастырылған. Бұл халық-тардың өмірлік мүдделеріне сайма-сай келеді, бейбітшілікті және халықаралық ынтымақты нығайту ісіне қызмет етеді.

Осы жылғы 21 июльде Женевада Индо-Қытай мәселесі жөнінде жасалған келісім жолы тек Азияда ғана емес, сонымен бір-ге Европада да келісімнің жемісті бола-тындығының еңкім өтірікке ығыра ал-майтын дәлелі болып саналады.

Сондықтан да Герман Демократиялық Республикасы Совет Үкметінің бүкіл Ев-ропада келісімге келуге болатын еркін жолын шын жүректен құттықтайды.

Хауіпсіздік жөніндегі европалық келі-сім жалпыгермандық келісімге бөтет бо-лып отырған барлық мәдергілерді жояр еді, Германияны қайта қосу жолын аша-р еді, барлық оккупациялық әскерлерді Германиядан ақсатуға, сол сыяқты таяуда-ғы мерзім ішінде Германиямен бітім шар-тын жасауға мүмкіншілік әперер еді. Сон-дықтан Германияның ал-ауқат жайын жө-не оның бақытты болашағын қамтамасыз ететін саясаты Совет Одағының осы ұлы бейбітшілік саясатымен тығыз түрде бай-ланысты болуға тиіс. Мен біздің Қытай және Вьетнам достарымызбен кездесіп отырған осы ерде Герман Демократия-лық Республикасы Совет Үкметінің ұсы-нысына сәйкес Европада коллективтік ха-уіпсіздік системасын құру жөніндегі мә-селе бойынша пікір алысу кеңесіне қаты-суға, бұл кеңесте неміс халқының көз-қарасын баяндауға және жалпы европалық хауіпсіздік жөніндегі шартқа қосылуға әзір деп мәлімдеймін.

Біз оқығанның Совет Үкметінің нота-сында айтылып отырғандай дамуы бір қа-дам алға басқандық болатындығын және бейбітшілік сүйгіш тәуелсіз және демокра-тиялық мемлекет есебінде біртұтас Герма-ния құру негізінде герман мәселесін рет-теуге қолайлы жағдай жасайтындығын терең сезінеміз.

Германияны біртұтас етіп біріктіру Ев-ропаның орталығында соғыс аймағының пайда болуына жол бермес еді. Сонымен Германияның ұлттық өмір сүруіне хауіпті және Батыс германиялық агрессияды-и армия құру салдарынан Европа үшін туа-тын хауіпті жоюға мүмкіншілік берер еді.

Совет Одағының зор инициативасын Герман Демократиялық Республикасына және барлық Германияның бейбітшілік сүйгіш немістеріне бейбітшіліктің және біздің отанымыздың бақытты болашағы-ның ұлы перспективасын ашады.

Хайвань аралы ауданында ағылшын самолетімен соқтығысу жайында

ҚЫТАЙ ҮКМЕТІНІҢ АНГЛИЯНЫҢ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ СЕНІМДІ ӨКІЛІНЕ НОТАСЫ

ПЕКИН, 26 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлайды:

Бүгін Орталық Халық үкметі сыртқы істер министрінің орынбасары Чжан Хань-фу Англияның істері жөніндегі сенімді өкілі Хемфри Тревел्यान мырзаға оның ағылшынның транспорт самолетімен бол-ған соқтығысуға байланысты 24 июльде-гі нотасына жауап нота жолдады. Чжан Хань-фудың жауап нотасында былай де-лінген:

Ағылшынның транспорт самолетімен болған соқтығысуға байланысты мен Орта-лық Халық үкметінен зерттеу нәтижесін де анықталған мына жағдайларды түсім-діруге өкілдік алдым, мұны ағылшын үк-

лаудағы аудандары мен аралдарында әуе ұрыстары жиі болып жүр.

Біздің соғыс өкмет орындарының Хай-вань аралынан алған хабарына сәйкес, Қытай Халық Республикасының күзет самолеттері 23 июльде таңертең өздерінің күзетшілік қызметін атқару кезінде Хай-вань аралындағы Юйлинь портының үс-тінде чанкайшілік банданың самолетін кездестірді. Сөйтіп ұрыс басталды.

Мұндай хабарды алысымен Қытай Ха-лық Республикасының үкметі түрлі жо-дар арқылы зерттеу жүргізді, мұның нә-тижесінде самолет шын мәнісінде ағыл-шын компаниясының транспорт самолеті өкентігі анықталды және күзет самолетінің

«Инд- Кытайда атыстың ататылу» —бұл бейбітшілік ісінің ұлы жеңісі және ұлы державалар арасындағы шын ниетті келіссөздердің адамзатты соғыстан сақтап қала алатындығының айғағы.

Женевада Совет Одағы мен Кытайдың атқарған ролі бұл елдер соғысты тілеп отыр дейтіндердің ойдан шығарылған өтірігін әшкерелейді. Бұл елдер өздерінің бірден- бір тілегі —халықаралық шиеленісті тудырып отырған барлық проблемалардың бейбітшілікпен реттеу екендігін дәлелдеп берді.

Ендігі жерде, Женева кеңесінен кейін Германия жөнінде келісім жасауға тиіс, бұл келісім Европада бейбітшілікті сақтайды.

Германияны қайта қаруландыруды тоқтату жолындағы қозғалысты бұрынғыдан да гөрі ұлғайтатын және Европадағы коллективтік қауіпсіздік туралы договор жасасу жайындағы совет ұсыныстарын еске ала отырып, ұлы державалар арасында герман мәселесі жөніндегі келіссөздерді қайта бастайтын уақыт жетті».

ЛИ СЫН МАННЫҢ АҚШ-ҚА БАРУЫ

НЬЮ-ЙОРК, 26 июль. (СОТА). Бүгін Вашингтонға АШҚ-тың ресми өкілдерімен келіссөз жүргізу үшін оңтүстік-кореялық президент Ли Сын Ман барған. Юнайтед пресс агенттігінің хабарына қарағанда, Ли Сын Ман өзінің аэродромда сөйлеген сөзінде Индо-Кытайдағы оқ атудың тоқтатылғандығын «қалайсыз оқыға» деп атаған.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

ШАНХУА

информациялық агенттігінің басынша кеше Вьетнам Халық Республикасының бас командирі генерал Б. Нгуен Зиап Вьетнамда соғыс қыймылдарын тоқтату туралы Женева кеңесінде қол қойылған келісімге сәйкес Вьетнамның халықтық тұрақты және жергілікті армиясының барлық бөлімдеріне, бүкіл елдегі жасақта қызмет етушілер мен партизандарға ұрысты тоқтату туралы бұйрық шығарған.

ИНДО- КЫТАЙДА БЕЙБІТШІЛІКТІ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ЖЕТКЕНІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҒЫЛШЫН ПАРЛАМЕНТІНІҢ БІРТОП МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚАРАРЫ

ЛОНДОН, 23 июль. (СОТА). Пресс Ассоциациясының агенттігінің хабарына қарағанда, парламенттің 20 мүшесі —лейбористер қауымдар палатасына қарар енгізген, онда Индо- Кытайдағы соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімдерге қол жеткенін құттықтаған. Қарарда, атап айтқанда, былай делінген: «қауымдар

Кытайдың сауда делегациясының Бельгиядағы келіссөздері

БРЮССЕЛЬ, 22 июль. (СОТА). Кытай Халық Республикасы сауда делегациясының «Бельгия өнеркәсіпшілері федерациясы» өкілдерімен келіссөздері аяқталған.

Келіссөздер аяқталғаннан кейін федерация мәзмұндама жариялаған, мұнда екі ел

ТУРАЛЫ БҮЙРЫҚ

Осы бұйрық бойынша соғыс қыймылдары солтүстік Вьетнамда —Вьетнам Демократиялық Республикасының стандарт уақыты бойынша 1954 жылғы 27 июльде таңертеңгі сағат 7-ден бастап тоқтатылады; Орталық Вьетнамда — 1954 жылғы 1 августа таңертеңгі сағат 7-ден бастап, Оңтүстік Вьетнамда—1954 жылғы 11 августа таңертеңгі сағат 7-ден бастап тоқтатылады.

палатасы 15 жылдың ішінде дерлік тұңғыш рет бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік қайтадан орнағанына өзінің қанағаттанғандығын атап көрсетеді және бейбітшілікпен реттеудің бұл құралдары дүниені әлі де бөлшектеп отырған басқа проблемаларға да, мәселен, Германия проблемасына да қолданылады деген үміт білдіреді».

арасында сауданы дамыту қажеттігіне екі жақтың келіскендігі айтылған және Кытай —Бельгия саудасын дамыту үшін қолайлы перспектива бар екендігіне сенім білдірілген.

каның редакторлары ССРО территориясын аралады, көптеген оқу орындары мен мәдени мекемелерде болды, сол сияқты совет жастарының оқуымен және тұрмысымен танысты. Екі топ та АҚШ пен ССРО ның студенттік және жастар делегацияларының бір- бірімен байланыс жасап тұруына тілек білдірді.

Осыған байланысты Совет Одағының студенттік және жастар газеттерінің бір тобы американ жастарының өмірі мен оқу және тұрмыс жағдайларымен танысу мақсатында осы жылдың август айында АҚШ-қа барып қайтуға тілек білдірді.

Кәзір редакторлардың бұл тобы АҚШ-тың Москвадағы Елшілігі арқылы сұратылған АҚШ-қа бару жөнінде рұқсатты күтіп отыр.

СИНХУА АГЕНТТІГІ АМЕРИКАН ЧАНКАЙШИЛІК СОҒЫС ПАКТЫСЫН ӘЗІРЛЕУ ЖАЙЫНДА

ПЕКИН, 26 июль. (СОТА). Синхуа агенттігі былай деп хабарлайды:

Женевада Индо-Кытайда соғысты тоқтату жөніндегі келісімге қол қойылғаннан кейін Вашингтон Тайваньды Кытайға қарсы агрессияны күшейту мақсатындағы базаға пайдалануға бағытталған жаңа шаралар қолданып жатыр.

АҚШ-тың президенті Эйзенхауэр Индо-Кытайдағы бейбітшілік жөнінде келісімге қол қойылған күні пресс-конференцияда Құрама Штаттар чанкайшилікпен «өзара қорғаныс пактысын» жасау туралы мәселені зерттейтіндіктерін мәлімдеген.

Бұдан бір күн бұрын АҚШ-тың Тайваньдағы «елшісі» Рэнкин Эйзенхауэрмен кездескеннен кейін пакт жөніндегі келіссөздер Вашингтонда да, Тайбөде де жүргізіледі деп мәлімдеді. Чанкайшилік «сыртқы істер министрі» Джордж Е бұл хабарды растаған. Чанкайшилік топтармен тығыз байланысты Паназиатик Ньюс агенттігі 21 июльде бұл топтың пактының жылдың аяғына дейін жасалатындығына сенетіндігін хабарлаған.

АҚШ үкметі тарапынан жасалып отырған бұл жаңа арандатушылық Кытай жөніндегі қорқытушылықты сақтауға және Азияда жалпыға бірдей бейбітшілік орнату ісіне бөгет жасауға бағытталған.

АҚШ-тың мұндай жоспарлары Кытай халқы тарапынан шешуші түрде наразылық тудырып отыр.

ҚХР-дә ГОМИНДАНДЫҚ ДИВЕРСАНТТАРДЫҢ ӘШКЕРЕЛЕНУІ

ПЕКИН, 21 июль. (СОТА). Синхуа агенттігі тілшісінің Ханькоудан берген хабарына қарағанда, Чжэцзян провинциясындағы Саньмынь уезінде жағалау қорғанысының бөлімдері және милиция чанкайшилік қарулы 9 агентті ұстаған. Теңіз арқылы түсірілген агенттер винтовкалармен, листолеттермен қаруланған және радио арқылы хабар беретін ашыратармен жабықталған. Олар диверсия жасауға тырысқан, бірақ, жергілікті балықшылар олар туралы жақын жердегі Кытай Халық-азаттық армиясының бөліміне жедел хабарлап, оларды әшкерелеген.

Кытай халқы, дүние жүзінің халықтары сияқты жуырда болып өткен Женева кеңесі арқасында халықаралық шиеленістің бәсеңдеуіне және Индо-Кытайда бейбітшілікті қалпына келтіру жөнінде қол жеткен келісімге қуанышты.

Алайда, сол уақыттың өзінде, Тайваньдағы чанкайшилік қуыршықтардың самолеттері өздерінің қарақшылық әрекеттерің Хайвань аралына қоса, Кытайдың жағалаулықтағы аудандары мен аралдарына тарпа бас салушылықты кеңейтіп отыр. Кытайға самолеттер мен жасырын агенттер түсіреді және түрлі елдердің Кытайға сауда үшін кетіп бара жатқан сауда кемелерін қарақшылықпен қолға түсіреді және тонайды, сөйтіп Азияда шиеленісті күшейтуде барынша тырысып бағады.

Осының салдарынан Кытайдың жаға-

МЕНДЕС- ФРАНСТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ПАРИЖ, 26 июль. (СОТА). Кеше кешке француз үкметінің басшысы Мендес-Франс радио арқылы кезекті сөз сөйдеген. Ол француз үкметі Индо-Кытайдағы соғысты тоқтату болып саналатын өзінің бірінші міндетін орындағаннан кейін басқа мәселелерді, ең алдымен елдің «экономикалық және әлеуметтік жағынан қал-

пымз келтіру» мәселесін шешуге кірісуге тиіс деп мәлімдеген.

Мендес-Франс француз халқының еркі Женева кеңесінің Индо-Кытай мәселесі жөніндегі жұмысының ойдағыдай аяқталуын қамтамасыз еткен басты факторлардың бірі болғандығын мойындаған.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«МУНЫ ҰМЫТУҒА БОЛМАЙДЫ»

Сағат 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«МАЛАХОВ ҚОРҒАНЫ»

Сағат 4-30-да басталады.

Петропавл станциясы таразышылар даярлайтын курсқа оқушылар алады. Поезд құрастырушылар, ағытушылар, скрутичтер және стрелка тазартушылар даярлайтын курстарға қабылданғандар отынмен, тегін арнаулы киіммен және тегін билетпен қамтамасыз етіледі.

Сол сияқты, станция түрлі мамандықтағы жұмысшыларды жұмысқа қабылдайды.

Оқуға және жұмысқа қабылдау тәртібі туралы вокзалдың жөн-жоба алатын бюросы арқылы станцияның кадр бөлімінен түсінік алуға болады.

Петропавл элеваторына түпкілікті жұмысқа жұмысшылар және жүк тиеушілер КЕРЕК.

Адрес: Осипенко көшесі, 5-үй, кадр бөлімі.

Облыстық тұтынушылар одағының дайындау базасы мемлекетке тапсыратын және мемлекетке сататын өнімдер тәулік бойына Сталин көшесі, 67- үйде сатып алынатындығын облыстың барлық колхоздарының есіне салады.

Дайындау базасының дирекциясы.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Заготзерно» мекемесіне қалада және қаладан тыс жерлерде жұмыс істеу үшін инженерлер, құрылысшы техниктер, прорабтар, экономистер, бухгалтерлер, товароведтер, нормировщиктер, машинисткалар керек.

Адрес. Петропавл қаласы, Красноармеец көшесі, 1-үй.

Петропавлдың аяқкиім фабрикасына кочегарлар және түрлі жұмысшылар КЕРЕК.

Адрес: Бостандық көшесі, 104-үй.